

МРНТИ 17.82.30

Ж.С. Таласпаева¹, А.Б. Сағындықова¹, Ұ.А.Мұқанова¹, Г.А. Қоспақаева¹

¹М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000. Қазақстан Республикасы

СӨЗ ЭТИКЕТІНІҢ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Тіл білімінде сөз этикетінің қызметіне қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген А.Қобыланова, Н.Уәлиұлы, А.Сейсенова т.б. ғалымдардың пікір-тұжырымдары мен еңбектері мақаланың негізгі дереккөзіне айналған. Авторлар бүгінгі уақытта қарым-қатынас моделін құруға қажетті өзекті мәселелерді қозғап отыр. Адамдар арасында байланыс орнату үшін, сонымен бірге сол байланысты жалғастыру үшін этикет сөздердің қызметін, қолданылу орнын білу керек. Жазушылардың этикет сөздерін қолдануына қарай шығарма кейіпкерлерінің әлеуметтік мәртебесін, жасын, қызмет орнын көре аламыз. Осы арқылы сөз этикетінің қызметі арқылы қарым-қатынасын барысын нақтылауға, әңгіменің ары қарай қалай өрбитіндігін нақты мысалдар арқылы көрсете аламыз. Этикет сөз бірліктерінің халық өмірімен, мәдениетімен тығыз байланысты екені дәлелденеді. Зерттеуде баяндау әдісі, ғылыми теориялық тұжырымдарға сүйене отырып талдау, сипаттау әдістері қолданылды. Мақаланың ғылыми жаңалығы: қазақ тіліндегі сөйлеу этикетінің жасалу жолдары көрсетілді және көркем шығармалардан алынған мысалдар арқылы негізгі қызметтеріне тоқталып, психоллингвистикалық аспектілері анықталды. Мақаланың негізгі зерттеу аспектісі сөз этикетінің тілдік қатынастағы қызметтерін анықтау болып табылады, дәлелді болуы үшін көркем шығармалардан мысалдар келтірілді.

Кілт сөздер: сөз этикеті, қарым-қатынас, әдептілік, байланыс, реттеуіш, сезім-күй, сыпайылық.

КІРІСПЕ

Этикеттік тілдік бірліктерді коммуникативті қарастыру тілдік бірліктерді қолдану заңдылықтарын, олардың арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Коммуникативті міндет-отбасы, отбасы, достар, мемлекет және мекеме, мемлекет және азаматтар, мекеме қызметкерлері, елшілік байланыс барысында, жалпы қоғам мүшелері арасындағы қатынастарды реттеу, мәдени қызметті жүзеге асыру мақсатында сөйлеу этикетінің жасалу жолдарын көрсетіп, психоллингвистикалық аспектілерін анықтау маңызды. Сөйлеу әрекетінде қолданылатын этикеттік тілдік бірліктер сол қоғам мен уақыттың нормаларына сәйкес келуі керек. Қолданылатын этикет кез-келген тілдік бірліктердің сезіміне әсер етеді, мәдениет пен менталитетті, психологияны, әлеуметтік жағдайды, этникалық топтың өзін-өзі ұстау әдебін жеткізеді, тілдік бірліктермен байланысты кез-келген адамның мәдени санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Кез келген этникалық тілдік бірлікті тек тілдік аспектіде ғана емес, этномәдени, психологиялық әлеуметтік, елтану, философиялық аспектіде де қарастыруға болады деп тұжырымдаймыз.

Этикет – философиялық, этикалық ұғым, белгілі бір қоғамда адамдардың бір-бірімен қатынас жасауының ережелері. Адам белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада өмір сүреді. Адамдардың қоғамның басқа да мүшелерімен, әлеуметтік ортамен, ұжыммен қарым-қатынасы орныққан этикет нормалары арқылы реттеліп отырады. Белгіленген этикет нормаларының тілдік жағы да, тілдік емес жағы да бар. Мысалы, жасы кішінің жасы үлкенге жол беруі, әскери адамдардың өзара «сәлемдесуі», тағзым етуі т.б. этикет нормаларының тілдік емес жағына жатады. Ал әдептің тілдік құралдар, тілдік амал-тәсілдер арқылы жүзеге асатын түрін сөз этикеті деп атайды.

Сөз этикеті деген ұғым тек сыпайы сөйлеу немесе мәдениетті сөйлеу деген мағынада емес, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ұйытқы болып реттеп отырудың құралы ретінде тұрақты сөз орамдары, өзге де тілдік амал-тәсілдер деген мазмұнды аңғартады [1, 6].

Зерттеу мәселесі бойынша баяндау әдісі, ғылыми теориялық тұжырымдарға сүйене отырып талдау, сипаттау әдістері кеңінен қоладыныс тапты. Адамдар арасында қарым-қатынас барысында этикет сөздердің атқаратын қызметі әртүрлі, бірақ олар әрдайым бір-бірімен байланыста болады.

Этикет сөздердің қолданыс табуы адамдардың мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін қызмет атқарады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әр халықтың этикеті амандасу, рахмет айту, кешірім сұрау, алғыс айту және қоштасу, құттықтау сияқты этикет сөздерден бастау алады. Адамдар кездескен уақытта, ең алдымен, әңгімеге дәнекер болатын – этикет сөздер. Ол туған-туыстар, жақындар, жора-жолдастар арасында – амандық сұрасу, кетерде – қоштасу қаншалықты дәстүрге айналса, адамның қуанышымен бөлісу, қайғысына ортақтасу соншалықты әдетке айналған табиғи құбылыс. Адамның жан дүниесіндегі жағымды, жылы сөздер оның көңіл-күйінің кілті екендігі белгілі.

Сөз этикеті жалпы алғанда адамдар арасындағы байланыстың үзілмеуі, реттеліп отыруы, сыпайы түрде жүзеге асуы, сондай-ақ көңіл-күйге жағымды әсер етуі үшін жұмсалады. Осының барлығын біз *сөз этикетінің қызметі* деп атаймыз.

Сөз этикетінің өзіне тән қызметі, нормалары, ерекшеліктері болады. Егер осыған дұрыс мән берілмесе, қарым-қатынасқа жарықшақ түседі [2, 66].

Сөз этикеті әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс болғандықтан, оның қызметі тіл табиғатынан, тілдің қызметтерінен туындайды. Тілдің ең басты қызметі - қарым-қатынас құралы болу және танымдық мәні. Сөз этикеті тілдің бір бөлшегі, шағын жүйесі ретінде көрініс табады, яғни қарым-қатынас қызметінде жан-жақты ашылады, ал танымдық қызметіне ол жетекші рөл атқармайды. Мысалы, *Қалың қалай? Не жаңалық бар? Мал-жан аман ба?* секілді қалыпты сұрақтар нақты жауапты талап етпейді. Бұл сұраулы сөйлемдер сұрақ қойылу керек болған соң қойылады да, оған қалыпты *Шүкір!, Өзіңде не жаңалық бар?* деген сияқты жауаптарды аламыз. Бұл тіркестер әңгімелесушілердің әңгімені бастауға ұйытқы болады, бір нәрсені сұрау, оған жауап беру қызметінде емес, қарым-қатынасты үзбеу, жалғастыру қызметінде қолданылады.

Байланыс қызметі – ғылыми әдебиеттерде кеңінен сөз болған мәселе. Л.А.Киселева осы орайда келесідей тұжырымдайды: «Под термином «контактная функция» предлагается понимать предназначенность языковых средств для установления и поддержания социально-массового и индивидуального контакта, в известной мере определяющего поведение адресата. Под контактом здесь понимается установление, сохранение и укрепление, поддержание связей и отношений индивидуальных или социально-массовых (в малых и больших социальных группах), многообразных, но сводимых в некоторые типы, среди которых наиболее отчетливо выделяются такие полярные разновидности: 1) установление, сохранение и укрепление дружеских отношений; 2) установление и поддержание официально-вежливых отношений» [3, 45].

Амандасу, қоштасу секілді тақырыптық топқа жататын тілдік бірліктер сөз этикетінің байланыс қызметін атқарып, қарым-қатынасқа түсушілер арасындағы байланыстың орнауын, үзілмеуін, сақталуын, ары қарай нығаятын қамтамасыз етеді. Қазақ сөз этикетінде, тек амандасуға қатысты айтылатын *Сәлеметсіз бе? Ассалау мағалейкум! Сәлем бердік, Мал-жан аман ба? Қайырлы кеш! Армысыз! т.б.* сөз бірліктерінің өзіндік қолданыс ерекшеліктері бар.

Амандасу, сәлемдесудің құлағымызда жатталып күнделікті қолданысымыздағы сөздері бар. Бірақ олар мағыналық, стильдік жағынан ерекшеленіп, қолданылуының өзіндік орны бар. Мысалы, *Сәлеметсіз бе?* деп амандасу үлкен-кіші, таныс-бейтаныс, ресми-бейресми

жағдайда да қолдана беретін болсақ, ал *Ассалаумағалейкум!* деп амандасуды жасы үлкен ерлер, ақсақалдар арасында қолданатынын көреміз.

- *Әй, жүгірмек, амансың ба, ей жүгірмек, - деп сақалы шаушең-шаушең етіп, кішкентай сығырайған шегір көзі жасаурап келе жатыр* [4, 25].

- *Ассалаумағаләйкөм!* – деп дауыстаңқырап айтты. Неге екені белгісіз, үй іші осы кезде ду ете түсті. Тұғырда отырған екі қыз да сәл бетін қалқалап, ұрлана күліп жатыр.

- *Уағалейкөм...* – деп барып Балуан Шолақ жігіт қолын асықпай алды да, оқыс бытырлатып қысып жіберді [5,41].

- *Сәлеметсіз бе, Бауке.*

- *Сәлемет.*

- Бұл «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясынан зой, - дедім шапшаңдата сөйлеп, әскери адам жіті, қысқа, нақ сөйлегенді ұнататын болар деген оймен [6,13].

- О, жігітім, жол болсын, - деді егіншілердің ішіндегі селдір сақал біреуі. Жасы үлкен адамға сәлем бермегені есіне түсіп, Олжабаек:

- *Ассалаумәлейкім,* - дегенде, түйенің үстінде отырған Жамал мырс етті. Егінші күліп жіберді.

- Е, бәсе, жасың кіші көрінеді зой, шырағым, - деді де сорайған мойнын соза түсіп Жамалға: *есенбісің, балам. Ал жөніңді білдір. Танымадық,* - деді Олжабекке [7,6].

- *Кеш жарық,* - деп Шығанақ кірді. Олжабекті бұл шайдан да қалдырмапты, ала кірді. Кәрібай ұшып тұрып, үйіріле бастады.

- *Жоғарылаңыздар, қош келдіңіздер,* - деп отырар-отырмастан жастық ала жүгірді [7,94].

- *Халдарың қалай? Балалар аман ба? Келіннің денсаулығы жақсы ма?* – деді ол Жарқынды төр алдына отырғызып жатып.

- *Шүкір. Бәрі аманышылық* [8,86].

- *Нұреке, саламатсыз ба? Ауыл-аймақ, ел-жұртыңыз аман ба?* – деген салмақты дауыс естілді. Үнінде өктемдіктен гөрі сыпайылық басым.

- *Шүкір, өздеріңіз сызып берген жолмен жайлап жүріп келеміз,* - деді бұл аңыс аңдыған кейінде [8,200].

Сөйлеу этикетін тілдік норма тұрғысынан қарастыруға болады. Яғни, дұрыс, мәдени, нормаланған сөйлеу идеясы сөйлеу этикеті саласындағы норма туралы белгілі бір тұжырымдарды қамтиды. Мысалы, әркім өз ана тілінде ыңғайсыздық үшін кешірім сұрау формулаларын қолданады дегенмен, кейбіреулер белгілі бір нормаларды қолданады (*Кешіріңіз, кешірім өтінемін*). Кешірім сұраудың да өзіндік қолданыс орны бар, мысалы: егер баяндамашы сұхбаттасушыны алаңдатса, кешірім формулаларын қолдану орынды болады, бірақ жиі кешірім сұрау, әңгімелесушіні ыңғайсыз жағдайға тап қылдыруы мүмкін, сонымен қатар, әдеби тілдің нормалары мен ережелерін бұзу, әсіресе бір формуланы бірнеше қайтара қолданса сөйлеу этикетінің бұзылуы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық менталитеті тұрғысынан қарастыратын болсақ, таныс, бейтаныстыққа қарамай, жасы кіші адамның үлкенге бірінші болып сәлем беруі – міндет болып саналады. Сәлемдесудің түп негізі жылы шырай таныту, кішіпейілділік көрсету екенін байқата отырып үлкендер де ризашылықтарын білдіре отырып, жауап береді: *«Көп жаса», «Ғұмыр-жасың ұзақ болсын!»* - деген тәрізді ізгі тілектерін жаудырып жатады.

- *Талабыңа нұр жаусын, айналайын. Үлкен азамат бол!* – деді Жарқын Қанаттың қолын алып. Сосын қартқа бұрылды да: - *Жорамалыңыз дұрыс екен, отағасы, балаңыз, сөз жоқ, үлкен адам болады,* - деді.

- *Айтқаның келсін, бауырым. Аузың періштенің аузы болғай!* – дегенде шалдың көзіне жас толып кетті [8,101].

Өркенің өссін! Құдай өмір-жасыңды ұзақ қылсын! десіп, Әкпардың қолынан ұстап, етегін сүйіп жүр [8,234].

Сыпайылық білдіру қызметі – сөз этикетінің арнаулы функциясының бірі. Бұл ұжым арасында, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында сыпайылықты сақтау, сол арқылы қарым-

қатынасты жалғастыру міндетін атқарады. Қазақ сөйлеу этикетінде сыпайылықты білдірудің екі жолы бар:

а) Сөз этикетінде *сіз, сен, ол кісі, біз, өзіңіз* т.б. есімдіктердің қолданылу ерекшеліктері мен осылар арқылы білдіретін арнаулы мағыналар;

ә) *Кешіріңіз, айып етпеңіз, рұқсат болса, қалауыңыз білсін* т.б. этикеттік оралымдардың орнымен қолданылуы.

- *Аға, кешіріңіз, сізбен сөйлесуге бола ма? – деді жайдары үн қатып.*

- *Айта беріңіз, құлағым сізде [8,275].*

- *Жолдық ақшам бар, әуре болмаңыз, Айеке! Мен сізден бірдеңе дәметіп келді дейсіз бе? – деп Қайрақбай ат-тонын ала қашып еді, Айекең өлердегісін айтып:*

- *Өтінем, ала зой!.. Бұл сенің маған жасаған жақсылығыңның оннан біріне де тұрмайды... Алмасаң өкпелеймін! – деп зорлағандай қолына ұстатты [8,261].*

- *Жоғары шығыңыз! – деді Олжабек, қапыл-құпыл тұрып жатып [7,53].*

- *Төрлет. Шайға отыр! – деді шал. Шәугім түбінде дым қалмаса да үйге ит кіріп кетсе де барын ала жүгіретін жомарт адамның ишаратын білдірді [4,90].*

- *Құрметті қонақтар, бүгін біздің Бөрілі ауданы үшін бұрын-соңды болмаған үлкен мереке, - деді отырғандарға жағалай көз тастап. Ауылымызға бұрын да талай қонақ келіп жүр зой, бірақ сіздердей мәртебелі адамдардың мынадай құрамда келуі бірінші рет. Біз мұны облыс басшысы Салық Саттарұлының беделі деп білеміз. Ал өзімізге келсек, елге қорған болмасақ та, көл қорыған қызғыштай, осынау құмды өлкеде жұрт қатарлы жүріп жатқан жайымыз бар. Хош келдіңіздер! Бар мәзіріміз алдарыңызда. Табиғат аясында емін-еркін бой жазыңыздар... Сіздердің денсаулықтарыңыз үшін [8,207].*

Бұлардың әрқайсысының нақты жағдайға байланысты және кіммен қарым-қатынас жасауына байланысты реті, орны, жүйесі болады.

Реттеуіш қызметі – сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты (үлкен-кіші, бастық-бағынышты, ресми-бейресми т.б.) анықтайды. Осы орайда қазақ тілінің қаратпа сөздері ерекше рөл атқарады. Олар туыстық қарым-қатынасқа, таныс-бейтаныстыққа, түрлі әлеуметтік орта мен ресми-бейресми жағдайға байланысты түрленіп отырады. *Әкем, апай, көке* т.б. туыстық қаратпалар немесе *Мәке, Тәке, Сәке* секілді қысқартулар, *академик Марғұлан, ақын Абай, полковник Б.Момышұлы* секілді дәреже-лауазымдарды білдіру арқылы сөз этикетінде қарым-қатынас реттеліп отырады [1, 9].

- *Қабекен мысықтан да епті, сыбдыр етпей өте шығуын қарашы [7,30].*

- *Ал, Төкен жолдас, сіздің көмегіңіз? [7,133].*

Менікі өзіңізге белгілі су жағзы зой, Василий Анатонович! – деді Төкен. «Құрметті Берсиев жолдас! Тары рекордын жасау күресіндегі тәжірибеңізді халыққа кең тарату үшін Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінің бюросы бір мақала беруіңізді өтінеді...» [7,173].

Сезім-күйді білдіру қызметі – тілдесу барысында сөйлеу тоны басты қызмет атқарады. Оның көргеніме қуаныштымын, ісіңе сәттілік, жақсы келдің сияқты арнайы формулалары мен түрлі тілекті білдіретін *Қырман тасысын! Қырқар көбейсін! Қамба толсын!* деген секілді арнаулы қалыптары бар. Әсіресе, жұбату, көңіл айту, кешірім сұрау, өтініш, тілек сынды этикет түрлерінде сезім-күйді білдіру қызметі айқын көрініс табады.

- *Қайырлы болсын. Үлкен игі іске кірістіңіздер, - деді Кәрібай, - бұл, партияның жыл сайын кемінде 7-8 миллиард пұт астық алайық, оңтүстік-шығыстағы аудандарда тұрақты, мол өнім алайық деген ұранын орындау жорығы зой. Осының орындар жолын анықтап қарастырдыңыздар ма? [7,94].*

- *Дұрыс ақсақал. Қармағыңыз қанды болсын. Біз мына жаққа барып сізге балық үркітіп келейік, - деп жігіттер орнынан қозғала берді [8,93].*

- *Орта толсын! Мақтап жүреді екенбіз, - дегенді бүкіл болмысымен білдіріп, аяқ жақтан құзғын да келіп орын тепті [8,191].*

Халқымыздың бағзы заманнан бері келе жатқан ұлттық дәстүрінің бірі – бата беру, ізгі тілек білдіру. Бата халық ауыз әдебиеті шығармашылығының тәлім-тәрбиелік мәні бар,

мазмұнды, келісті сөз үлгілері. Бата-тілек, өсиет айту халық даналарының мағынасы зор, ерекше стильдік сөйлеу дәстүрі болып табылады. «Бата — біреуге алғыс білдіргенде айтылатын сөз. Батаны жасы келген ақсақалдар айтады. Батагөй шалдар — басы бар табақты тартуға алып келгенде, жеп болғанда бата қылады», — деп батаға анықтама берген болатын Ахмет Байтұрсынұлы [9, 13].

Көңілің ашылсын, шырағым, өзің бір иман жүзді бала екенсің, - деді бөліп-бөліп. Ал кірпі шаш болса, өзінің үлкен алақанына менің қолымды салып алды да, ризашылығын танытып, қыса берді сытырлатып [5,6]. Жарадың, жас арыстаным! Үш жүздің баласында өзіме тартып туған кім бар деуші едім. Асылық екен айтқаным. Бар екен. Тасың өрге домаласын! – деді Балуан Шолақ. Содан кейін шу ете қалған жұртты мұжық қолын жоғары көтеріп тоқтатты да: - Жалғыз-ақ айтарым: күрес те өнердің төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме! – деп Битабардың маңдайынан сүйді. ... **Көп жаса, шырағым!..** – Қалғып-мүлгіп келе жатқанда, ұйқымызды шайдай ашты зой... Ой тілеуің берсін!.. – Тағы да, қарағым, тағы да...- десіп қатындар да көтермелеп: – Шешесі Шекер зой! Бұ қыз тегін өледі деймісің?.. – деп аңыз қылысты [5,45-46]. Тек **қарағымның жұмыр жасы ұзақ болсын. Ұзағынан сүйіндірсін. Бір-біріне таунық берсін,** - деп шұбалта сөйлеп, орамал, сабынды Салиқаның сырт жағындағы сеткаға салды да, суытылған құс еті, жұмыртқа, бәліштерді жаймалы столдың үстіне қойды [5,193].

Сөз арасында қолданылатын кешірім сұраймын, гафу етіңіз, мүмкіндік болса, қажет деп тапсаңыз, рұқсат етсеңіз, мақұл көрсеңіз, лайық деп қарасаңыз, қалауыңыз білсін, т.б. сөздер әңгіме барысында елеусіздеу көрінсе де, тілге сыпайылық мән үстеп, ізеттілікті білдіреді. Мұндай сөздерді қолдану үлкенге де кішіге де жарасымды көрінеді, адамның кішіпейілдігін білдіреді. Тәрбиелі адамның сіз бен сен сөзінің қолдану барысынан айнымауы да этикет сақтауға жатады. Жылуы мол, жан жадыратар шуақты сөздің мағынасын «сіз деген-сөздің сынығы, сен-деген сөздің анығы» деген қазақ мақалы да байқатса керек [10, 97].

Сөйлеу этикеті ауызша қарым-қатынас барысында және оның белгілі факторларына байланысты, нақтырақ айтсақ, әңгімелесушілердің тұлғалары, әңгіме барысы, орны, уақыты, қарым-қатынастың мақсат, міндеттеріне негізделеді. Бірақ бұл жерде әңгімелесушілердің жеке басына қатысты қасиеттері де есепке алынады. Бұл қарым – қатынас үстінде сен және сіз формаларын дұрыс қолдану арқылы көрініс табуы мүмкін. Жалпы ереже: сіз формасы құрмет пен қарым-қатынастың формалдылығының белгісі ретінде көрсетілсе; сен - формасы керісінше, әңгімелесушілер арасында теңдікті, бейресми қарым-қатынасты көрсетеді. Алайда бұл формалардың қолданылуы әртүрлі жағдайларға, яғни туыстық немесе достық қарым-қатынаста болуына, жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік жағдайларына байланысты бірнеше нұсқалары қолданылады.

Сөйлеу этикеті қарым-қатынастың тақырыбына, орнына, уақытына, мотивіне және мақсатына байланысты әртүрлі болады. Мысалы, ауызша қарым-қатынас ережелері қарым-қатынасқа қатысушылар үшін қайғылы немесе қуанышты оқиғаларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін; қарым-қатынас орнымен (мереке, жиналыс, өндірістік жиналыс) және т.б. байланысты ерекше этикет ережелері бар.

Зерттеушілер сөйлеу этикетінің қарым-қатынас қызметінің қолданыс аясын сипаттайды. Оларға төмендегідей нұсқаларды жатқызамыз. Сөйлеу этикеті:

- әңгімелесушілер арасында байланыс орнатуға көмектеседі;
- тыңдаушының (оқырманның) назарын өзіне аударады, оны басқа адамдардан ерекшелендіреді;
- сыйластықтың куәсі болуға мүмкіндік береді;
- қарым-қатынастың (достық, іскерлік, ресми және т.б.) мәртебесін анықтауға көмектеседі.;
- қарым-қатынас үшін қолайлы эмоционалды ортаны қалыптастырады және тыңдаушыға (оқырманға) жағымды әсер етеді.

Сәлемдесу, қоштасу, сұрау, ризашылық, кешірім және т.б. әрбір нақты әрекет сөйлеу этикетінің стандартты, тұрақты формулаларына көптеген жеке толықтырулар қосады.

Сөйлеу этикеті формулаларының экспрессивтілігі оларға «мотивацияларды» қосу арқылы да көрінеді, мысалы: *"Мен сізге кітап үшін өте ризамын, ол маған көп көмектесті; Сау бол, ертең кездесеміз деп үміттенемін"*. Сөйлеу этикеті тиісті салалардағы және қарым-қатынас жағдайларындағы қоғам қабылдаған сөйлеу мінез-құлық ережелерінің жиынтығы ретінде анықталады. Сөйлеу мінез-құлық әлеуметтік топпен, ұлттық мәдениетпен және этикетпен, салт-дәстүрмен, тілдік тұлғаның тәрбиесімен, санамен басқарылатын тұрақты тәжірибемен реттеліп отырады [11, 32].

Қарым-қатынас жағдайында *амандасу*, *қоштасу* сөздерінің байланыс орнату мәні күшейе түседі. Сөз этикетінің негізгі қызметтері бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, бір-бірімен астасып жатады. Мысалы, амандасу немесе қоштасу сөздері тек байланыс қызметін ғана атқармайды. Осыған байланысты өмірден мынадай мысал келтіруге болады. Күн сайын сәлемдесетін адамдардың бірі амандаспаса, олардың арасындағы байланыс үзіліп қана қоймайды, қарым-қатынастарында ыңғайсыздық орнайды, бір-бірінен көңілдері қалады. Сондай-ақ тыңдаушыны қуанышына орай көңіл-күйін көтеремін деп қаншама жақсы сөзбен, жылы тілекпен құттықтағанымен, сөйлеуші сыпайылық танытпаса, қарым-қатынас ұзаққа созылмайды. Осы сияқты байланысқа түсушілер бір-бірінің әлеуметтік мәртебесін ескеріп отырмаса, сөз этикетінің реттеуші қызметі бұзылады [12, 195].

Уақыт өткен сайын кей дәстүр ескіріп, жаңасы өзіндік орнын алады. Дегенмен ескі дәстүрдің барлығын бүгінгі күнге қажеті жоқ деп ысырып тастауға болмайды. Жаңа заманға сай олардың да жаңа мазмұн, жаңа сипат алатындары болады. Заман талабына лайық өміршең дәстүрді таңдай біліп, жаңа мазмұн үстеу рухани өмірге нәр береді [13, 25].

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөйлеу этикетінің өзіндік қызметтері бар. Олар негізінен зерттеушілер көрсеткендей, байланыс қызметтерінде, қарым-қатынас жасаушылар арасында байланыс орнатуда, сыпайылық танытуда, көңіл-күйді көтеруде қолданылады. Біз бұл жұмыста сөйлеу этикетінің осы қызметтеріне егжей-тегжейлі тоқталдық, олардың негізгісі байланыс орнату екенін атап өттік. Оның реттеуші, сыпайы, ойын-сауық сияқты қызметтері қарым-қатынасқа түсушілер арасындағы өзара байланыстың үзілмеуіне, нығаюына ықпал етеді. Сөйлеу этикетінің қызметтері жеке-дара күйде емес, бір-бірімен байланысқа түскен кезде тиімді жүзеге асырылатындығына көзіміз жетті. Бұдан шығатын түйін, этикет бірліктері халық өмірімен, тілімен, мәдениетімен тығыз байланыста жұмсалып, адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайылық, кішіпейілділік және адамгершілік қасиеттерді танытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті. – Алматы: Жоғары Аттестациялық Комиссияның баспа орталығы, 2001. – 123 б.
- 2 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 120 б.
- 3 Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия. – Ленинград, 1978. – 145 с.
- 4 Ысқақ Қ. Қоңыр күз еді. Әңгіме, повесть, роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 бет.
- 5 Шаймерденов С. Битабар Балуан. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 272 бет.
- 6 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз: роман-диалог / Қарағанды: «Qasymbаспа үйі», 2021. – 686 б.
- 7 Мұстафин Ғ. Шығанақ. Роман. – Алматы: Атамұра, 2013. – 208 бет.
- 8 Жұмаділов Қ. Бір ғана ғұмыр. Әңгімелер – Алматы: Атамұра, 2004. – 352 бет
- 9 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. — Алматы: Білім, 1992. — 28-б
- 10 Сыздық Р. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары. – Алматы: Жазушы, 1983. – 267 б.
- 11 Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп. – Алматы: Рауан, 1998. – 270 б.
- 12 Қапасова Б.Қ. Тіл мәдениеті: Шешендік өнер: Оқулық. – Алматы, 2014. – 224 бет.
- 13 Кромер Э.В. Особенности стилизации разговорной речи в художественном тексте. // АҚД. Москва, 1988. – 24 с.

14 Кәсіби қазақ тілі. Оқу құралы./ К.М.Кужукеева, А.С.Салькина - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016.- 97 б. ISBN 978-601-7481-41-4.

Материал 29.05.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kobylanova, A. (2001) *Kazak soz etiketi* [Kazakh word etiquette]. Almaty: Publishing Center of the Higher Attestation Commission. (In Kazakh).
- 2 Ueliev, N. (1984) *Soz madenieti* [Speech culture]. Almaty: Mektep. (In Kazakh).
- 3 Kiseleva, L.A. (1978) *Voprosy teorii rechevogo vozdejstviya* [Issues of the theory of speech effects]. Leningrad: Leningrad State University. (In Russian).
- 4 Yskak, K. (2003) *Konyr kyz edi. Angime, povest', roman* [It was a brown autumn. A story, a tale, a novel]. Almaty: Atamura. (In Kazakh).
- 5 Shaymerdenov, S. (2014) *Bitabar Baluan. Povester* [Bitabar Baluan. Stories]. Almaty: Atamura. (In Kazakh).
- 6 Nurshaikov, A. (2021) *Akikat pen anyz: roman-dialog* [Truth and legend: novel-dialogue]. Karaganda: Qasymbaspa uyi. (In Kazakh).
- 7 Mustafin, G. (2013) *Shyganak. Roman* [Bay. Novel]. Almaty: Atamura. (In Kazakh).
- 8 Zhumadilov, K. (2004) *Bir gana gymyr. Angimeler* [Only one life. Stories]. Almaty: Atamura. (In Kazakh).
- 9 Baitursynuly, A. (1992) *Til tagylymy* [Language lessons]. Almaty: Bilim. (In Kazakh).
- 10 Syzdyk, R. (1983) *Soz sazy. Sozdi durys ajtu normalary* [Word music. Norms of correct pronunciation]. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh).
- 11 Asylov, U. & Nuskabayuly, Zh. (1998) *Adep* [Etiquette]. Almaty: Rauan. (In Kazakh).
- 12 Kapasova, B.K. (2014) *Til madenieti. Sheshendik oner: Oqulyq* [Language culture: Oratory: Textbook]. Almaty: Deuir. (In Kazakh).
- 13 Kromer, E.V. (1988) *Osobennosti stilizacii razgovornoj rechi v hudozhestvennom tekste* [Features of stylization of colloquial speech in artistic text [Abstract of Cand. Diss.]. Moscow. (In Russian).
- 14 Kuzhukeeva, K.M. & Salkina, A.S. (2016) *Kasibi kazak tili. Oku kuraly* [Professional Kazakh language. Textbook]. Kostanay: KSU. (In Kazakh).

Функции речевого этикета в языковом общении

Ж.С. Таласпаева¹, А.Б. Сагындыкова¹, Ұ.А. Муканова¹, Г.А. Коспақаева¹

¹Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева, г.Петропавловск, 150000, Республика Казахстан

Основными источниками статьи стали труды ученых А. Кобылановой, Н.Уалиулы, А. Сейсеновой и др., проводивших исследования, касающиеся деятельности речевого этикета в лингвистике. Авторы затрагивают актуальные на сегодняшний день вопросы, необходимые для построения модели общения. Чтобы установить связь между людьми, а также продолжить эту связь, человек должен знать речевые этикеты, а также место их употребления. По мере использования писателями слов этикета мы видим социальный статус, возраст, место деятельности героев произведения. Таким образом, мы можем конкретизировать свои отношения через деятельность речевого этикета, показать на конкретных примерах, как будет развиваться в дальнейшем диалог. В исследовании применялся метод повествования, анализ, описание на основе научных теоретических выводов. Научная новизна статьи: показаны пути создания речевого этикета на казахском языке и на примерах из художественных произведений были рассмотрены основные функции, определены психолингвистические аспекты. Основным исследовательским аспектом статьи является определение функций речевого этикета в языковом общении, для наглядности приведены примеры из художественных произведений.

Ключевые слова: речевой этикет, коммуникабельность, тактичность, связи, регулятивность, чувство-состояние, вежливость.

Материал поступил в редакцию журнала 29.05.2022

Functions of speech etiquette in language communication

Zh. Talaspaeva¹, A. Sagyndykova¹, U. Mukanova¹, G. Kosmakaeva¹

¹North Kazakhstan University named after M. Kozybayev, Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan

The main sources of the article were the works of scientists A. Kobylanova, N. Ualiula, A. Seisenova and others who conducted research on the activity of speech etiquette in linguistics. The authors touch upon the current issues necessary for building a communication model. To establish a connection between people, as well as to continue this connection, a person must know speech etiquettes, as well as their uses. As writers use the words of etiquette, we see the social status, age, type of activity of their characters. Thus, we can concretize our relations through the activity of speech etiquette, show by concrete examples how the dialogue will develop in the future. The research used the method of narration, analysis, description based on scientific theoretical conclusions. The novelty of the research is that it shows the ways of creating speech etiquette in the Kazakh language, considers its main functions using examples from works of art, and determines its psycholinguistic aspects. The main research aspect of the article is the definition of the functions of speech etiquette in language communication; examples from works of fiction are given for clarity.

Key words: speech etiquette, sociability, tact, communication, regularity, feeling-state, politeness.

Received: 29.05.2022